# Халықаралық әкелер күніне байланысты «Әке көрген-оқ жонар» атты облыстық қашықтық интернет байқауы



Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 14 қазан күні әкенің баланы қоршаған ортаны қорғауға, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануға экологиялық тәрбие беру мақсатында Халықаралық әкелер күніне орай «Әке көрген-оқ жонар» атты облыстық қашықтық байқауын өткізді.

Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар #әкекөргенокжонарбайқауы хэштегімен instagram әлеуметтік желісіне бейнематериалдар жүктеп, өз жұмыстарын ұсынды.

Қазылар алқасының шешімімен I орын – Бейнеу ауданы, М.Бегенов атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы Көбегенов Нұрғисаға; II





орын – Ақтау қаласы, Түрлі пәндерді тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 9 сынып оқушысы Дарын Сауырбаевқа, Маңғыстау ауданы, Шетпе гимназиясының 8 сынып оқушысы Жаңбуршы Диас пен Маңғыстау ауданы, Е.Айшуақұлы атындағы орта мектебінің 3 сынып оқушысы Жеңісбек Исабекке; III орын – Жаңаөзен қаласы, №19 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Азан Абзалға; Ақтау қаласы, «IT лицейінің» 8 сынып оқушысы Асланов Смадиярға және Қарақия ауданы, №7 орта мектебінің 9 сынып оқушысы Алтынбеков Тұрсынбекке берілді. Барлық қатысушылар арнайы дипломдармен және сертификаттармен марапатталды.

**Айнұр ЕРҒАЛИЕВА**
**Ақпараттық-талдау бөлімінің әдіскері**

# Педагог отбасылар арасындағы «Туризм – салауатты өмір салты» облыстық қашықтық жарысы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 6 қазан күні балалар мен ата-аналарды қоршаған ортамен жақындастыру, туристік техника негіздерін үйрету, отбасылық өзара тәжірибе алмасу, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында педагог отбасылар арасында облыстық «Туризм – салауатты өмір салты» жарысы қашықтықтан өткізілді.

Жарыс ережесіне сәйкес қатысушы бес топтың «Таныстыру», «Бард әндері», «Туристік маршрут»,



«Менің отбасым болған жерлер» номинациялары бойынша 18 бейнеролигі қаралды.

Қазылар алқасының шешімімен I орын – Ақтау қаласы, №13 мектеп-гимназиясынан Бижановтар



отбасының «Атамекен» тобына; II орын – Бейнеу ауданы, Бейнеу мектеп-интернатынан Оразалиевтердің «Салауат» тобына; III орын – Маңғыстау ауданы, Б.Жұмалиев атындағы орта мектебінен Елдесовтардың «Темірқазық» тобы мен С.Жаңғабылов атындағы орта мектебінен Қуандыковтардың «Нарбиік» тобына; IV орын – Жаңаөзен қаласы, №9 орта мектебінен Утепбергеновтердің «Тұлпар» топтарына берілді. Барлық қатысушылар бағалы сыйлықтармен және арнайы дипломдармен марапатталды.



**Жанар НУГИМАНОВА,**
**Туризм – өлкетану бөлімінің жетекшісі**

# Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы жас волонтерлердің «Біз тазалықты қолдаймыз» атты облыстық акциясы

Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы ағымдағы жылдың 15 қазан күні жалпы орта білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Біз тазалықты қолдаймыз» тақырыбында облыстық қашықтық акциясын ұйымдастырды.



Акцияға қатысушылар «Біз тазалықты қолдаймыз» номинациясында тал егу, қайырымдылық әрекеттері, волонтерлық жұмыстарының фотобейне көріністерін; «Табиғатты сақтауға қалай



көмектесеміз» бейнероликтер номинациясында өз ауыл, қаласының экологиялық жағдайы және оны шешу жолдары туралы ұсыныстарымен 5-7 минуттық бейнематериалдарын, ал «Қалдықсыз әлем» номинациясында әртүрлі тұрмыстық қалдық заттары мен қайталама шикізаттардан жасалған шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

Қазылар алқасының шешімімен үш номинациядан да жүлделі бірінші орындар Мұнайлы ауданының № 12 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Бекзатилла Аидаға, Ш. Мұңалұлы атындағы № 5 орта мектептің 9 сынып оқушысы Ақмұқан Шұғыла мен 10 сынып оқушысы Темірова Әселдерге берілді. Жүлделі орын алған 15 қатысушы орталықтың дипломдарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.



**Назгүл РУСТЕМОВА**
**Экология – биология бөлімінің әдіскері**